

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 19 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 423 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.27. N 543 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін және Оларды міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қаңтардағы N 19 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 1, 10-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесінде:

2-тарау 8) тармақшадағы "оң қорытындыларының" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің";

2-1 және 2-2-тараулар 6) тармақшадағы "оң қорытындыларының" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің";

2-3-тарауда 6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің";

2-4-тарауда 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің";

2 - 5 - т а р а у д а :

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің";

3) тармақшадағы "сақтандыру полисінің" деген сөздер "міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-6-тарау 6) тармақшадағы "жою жоспарларының" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып және 2-7-тарау 6) тармақшадағы "оң қорытындыларының" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) міндетті экологиялық сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисінің".

2. Осы қаулы алғаш рет жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК